



ӨОЖ 82-3 (574)

FTAXP 17.82.30

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.98(2).64

Сұлтанғалиева Р.Б., Метенова З.Р.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан

E-mail: R.Sultangalieva@mail.ru, metenovazarina@gmail.com

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЭТИОЛОГИЯЛЫҚ МИФТЕРДІҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасында кездесетін этиологиялық мифтердің берілу жолдары қарастырылады. Оның ішінде сол кездегі жазушылардың жазу ерекшеліктері мен этиологиялық мифтердің өзгешеліктері беріледі. Табиғат пен тіршілік – адам қиялының қайнар көзі. Әдетте, кез келген миф тарихи тәжірибеге, адамның әлдебір бастан кешкен іс-әрекетіне негізделіп құрылады. Мифтерде, әсіресе, өткен күндердің шын мәнісіндегі тарихи оқиғалары маржандай тізіліп, сабақтаса баяндалады. Сол себептен де, жекелеген халықтардың тарихын зерттеу орайында мифология бірде-бір өнер теңдесе алмайтын құрал болмақ. Мифтерде халықтың шынайы тұрмыс-тіршілігі де, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастар да көрініс тапқан.

Кілт сөздер: миф; мифология; этиология; интерпретация; фольклор; проза; аңыз; әпсана; әңгіме; сюжет.

Кіріспе

Прозадағы миф-аңыздардың көркемдік қызметін зерттеу мәселесі қазақ әдебиеттану ғылымында соңғы жылдары қолға алына бастады. Проза жанры кенжелеп дамыған қазақ әдебиетіндегі XX ғасырдың алғашқы ширегінде дүниеге келген әңгімелердің өзінде миф-аңыздардың қолданыла бастауы бүгінгі әдебиеттанушыларға көп ой салары сөзсіз. Белгілі бір тақырыпқа жазылған көркем шығармаларда өзгеше бітімді миф-аңыздардың бой көрсетуі жазушылар шығармаларындағы ерекше бір құбылыс екендігін жоққа шығара алмаймыз.

Миф, аңыз, хикая немесе әпсанат-хикая аталып жүрген негізгі сюжеттен тыс шағын оқиғалар желісінде негізінен деректі, дерексіз романтикалық оқиғалар баяндалады. Ал оның негізгі тақырыпқа қатыстылығын, жазушының айтар идеясына әсер-ықпалын, сюжет дамуымен: сабақтастығын, композициямен бірігіп жымдасып кетер қасиетін арнайы зерттеп, толымды тың ой айтып жүрген ғалымдар баршылық [1, 59 б.].

Цифрлық дәуірде таралған мифологемаларды, тілдік өзгерістерді және аңыз-әңгімелердің қалай құрылатыны, түрленетіні және қалай болатыны туралы сыни көзқарасты қамтамасыз етеді [2].

Мифте әрдайым өткен тарих айтылады, бірақ ол бүгінгі өмірдің мәнін түсіндіруге, сол арқылы болашақ нәтижені пайымдауға арналады. Сол себептен мифте өткен шақ, осы шақ, болашақ үшеуі тоғысып тұрады. Бұл жанр әсіре түсіндірмелі, себебі ол байырғы замандарда (мифтік дәуірде) бабалар орнатқан реттілік пен тәртіпті, үйлесім мен үлгілерді қорғаушы әрі орнықтырушы. Оның мәтіндері осы құндылықтарды растайды, куәлендіреді, ережелейді, сендіреді, сол мақсатта түсіндіреді, демек, мифтің этиологиялы болуы содан.

Шынтуайтында, мифология мәтінінің түпкі мақсаты бүкіл әлемнің мінсіз кескінін жасау, рәміздеу, суреттеу. Бұнда тұңғыштық сипат айрықша мәнге ие. Күнделікті



көзімізге көрініп тұрған барша өмір-тіршілік атаулының маңдайалды тұмса үлгісі мифтік ерекше уақытта жаралған, пайда болған деп дәріптеледі де, қазіргі қарапайым тірлік сол ілкі озық үлгіні қайталау, еліктеу деп түсіндіріледі. Бұл киелі бейнелер мен рәміздер қауымның өсіп-өнуінің, өмір сүруінің айнасы, кепілі, кілті. Түптеп келгенде, мифология осы ұланғайыр қызметінің ақырында белгілі қауым мүшесінің, яғни адамның ортаға бейімделуіне, әлеуметтік-табиғи күштерге үйлесімділік табуына айқын бағыт-бағдар беретін ғаламның дәстүрлі бейнесін (традиционная картина мира) сомдап, соның нәтижесінде жалпақ космосқа универсал классификация жасап береді.

Қайталанатын мотивтер ретінде анықталған мифологемалар немесе ұлттық бірегейлікті және цифрлық дискурсты қалыптастырудағы мифологемалардың жаңа рөлін зерттеу аңыз-әңгімелердегі тақырыптар қоғамдық нанымдар мен құндылықтарды жеткізудің қуатты құралы ретінде қызмет етеді [3, 226 б.].

Әлбетте, әлемнің сапалық құрылымын, бір сөзбен айтқанда, мәні мен мазмұнын анықтау үшін мифологиялық таным жұптық тайталас (бинарная оппозиция) жүйесін пайда болдырып, соған сүйенеді, иек артады. Бұл жақсылық пен жамандық атаулыны тұтас жіктейтін, айыратын, анықтайтын бұлжымас елек, сүзгі. Мифологиялық таным осы логикалық құрал арқылы жалпақ космосқа баға береді. Қысқасы, жұптық тайталастың көмегімен әлем қасиеттері (кеңістік, уақыт, әлеуметтік, сандық, сапалық, өң-түс, т.с.с.) түгел сипатталады.

Әлемдік мифологияда қамтылатын тақырып та, сарын да тарихи-типологиялық тұрғыдан үндес болып келеді. Мифтің табиғатын тану үшін сарындарды салыстыру емес, оның өзегінде жатқан кереғар ұғымдарды шендестіріп, құрылымдық-семиотикалық талдау жасаудың мәні зор екені ғылымда анықталған жайт.

Зерттеу материалы мен әдістері

Фольклортануда түсіндірмелі деп сипатталатын этиологиялық мифтердің бір түріне аң мен құстардың пайда болуы туралы айтылатын аңыздар жатады. Осы тақырыптағы мифтерде аң-құстардың алғаш рет пайда болу тарихы мен олардың кейбір дене-мүшелерінің ерекшеліктері түсіндіріледі. Мақалада М. Мағауин, Т. Ахтанов, Т. Әлімқұлов сынды жазушылардың шығармаларындағы мифтік сарынның берілу ерекшеліктері қарастырылады. Мақалада аталған зерттеу материалдары жайында ғалымның өз пайымдаулары негізге алынып, талдау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

С.А. Қасқабасов былай деп жазады: «Мұнда бір ескеретін жай: жалғыз жануарлар жайындағы мифтер ғана этиологиялық емес, түптеп келгенде, мифтің барлық түрі этиологиялық, яғни себептік болып келеді. Тек жануарлар жайындағы мифтер өте түсіндірмелі себепті болады: мұнда «неге?» деген сұрақ қойылып, миф сюжеті соған жауап ретінде құрылады. Айталық, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Бөдененің құйрығы неге қысқа?», «Қоянның ерні неге жырық?», т.т. Рас, бұл мифтер өзінің алғашқы «қасиетті» сипатын әлдеқашан жоғалтқан, сондықтан олар көбінесе ертегі деп қабылданады. Әрине, бұлардың бізге жеткен түрі ертегі болуы мүмкін, бірақ сюжеттің түп негізіне қарасақ, олар алғаш кезде миф болғаны айқын сезіліп тұр. Кейінгі замандарда сакральдық сипаты жоғалған соң, олар екі аңның немесе жәндіктің қақтығысы туралы күлкілі әңгімеге, бертін келе ертегіге айналып кеткен» [4, 78-79 бб.].

Қазақ аң-құстарының жаралуы туралы сюжеттерді мазмұны мен тарихи-стадиялық ерекшеліктеріне сай екі топқа жіктеуге болады:

1. Қандай да бір хайуанаттың алғаш пайда болуы мен оның дене-мүшесінің, өмір тіршілігінің ерекшелігін түсіндіретін мифтер.
2. Адамдардың қарғыс-жаза мен басқадай жайттарға байланысты аң-құсқа айналуы (құбылу сарыны бойынша).



Хайуанаттардың пайда болу мен оның дене-мүшесінің ерекшеліктері туралы баяндайтын сюжеттер мифологиялық сананың ең көне дәуірінен хабар беретін ескерткіш болып табылады. Өйткені, бұл сюжеттерде рух пен табиғат бірлікте, көп пен аз, өлі мен тірі, жалқы пен жалпы айырғысыз ортақ, тіпті, бір хайуан мен келесі хайуан өзара тығыз қарым-қатынаста өмір сүргендігі сөз болады. Мәселенің бұлай болуы – мифологиялық сананың ең байырғы белгілері мен төл ерекшеліктері екендігі ғылымда анықталған.

Бірінші топқа жататын қандай бір хайуанның алғаш пайда болуы мен оның дене-мүшесінің, өмір-тіршілігінің ерекшелігін түсіндіретін сюжеттерден «Жылқы мен бұғы» мысалын келтіруге болады.

Мифте адамның аңшылық, одан кейін малшылық кәсіпті меңгерген заманының шындығы көрініс тапқан. Адам аңшылық дәуірде алдымен бұғыны аулап, оны да көлік ретінде пайдаланған. Содан кейінгі замандарда бұғы ормандағы аңшы халықтардың үлесінде қалады да, жылқы дала көшпелілері өркениетінің тірегіне айналады. Әлбетте, осы шындық мифтің көркемдік кестесіне сай көрініс табады. Атап айтқанда, бұнда жұптық тайталас (бинарная оппозиция) зандылықты төмендегідей кереғарлықты бір-біріне қарама-қарсы қояды: бұғы – жылқы, аң – мал, орман – дала, табиғат – адам, аңшылық – малшылық. Түптеп келгенде, мифте шаруашылықтың жаңа нысаны пайда болып, тағы жылқының адам тарапынан қолға үйретілген кезеңі суреттелген. Миф бұғының аң қалпында орманда қалып, жылқының малға айналған себебін түсіндіреді.

Бұл сюжетте хайуандардың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, әдет-машығы, мүшелерінің ерекшелігі бір-бірімен тығыз байланыста әңгімеленеді. Әлбетте мифтік сана «жалқы мен жалпыны», «бүтін мен бөлшекті» ұдайы бірлікте, тоғыстырып қажетіне жарататыны осы сюжетте байқалады. Анықтап айтсақ, бұғы, түйе, жылқы алғаш жаралған заманда бұл үш хайуанның бөтен мүшелері бір-біріне келе кететіні ежелгі ойлаудың төл белгісі. Әдетте, бұнда ашықауыз аңғал, әрі сиықсыз түйеге сұлу да сақ бұғы мен әсем де ақылды жылқы қарсы қойылған. Түйенің денесінің олпы-солпы болуы «Түйені көрсе, жылқы неге қалтырайды?» деген басқа сюжетке де өзек болған.

«Ертеде жылқы Күнге қарап былай дейді:

- О, барлық жан-жануарларға тіршілік сыйлаған қайырымды күн, мені жануарлардың арасындағы ең сұлулардың бірі деседі жұрт. Солай екенін өзім де сеземін. Сонда да кейбір дене мүшелерімді бұдан да әдемірек етуге болар еді-ау деп ойлаймын.

- Сонда қай жерінді түзей түсуге болар еді деп ойлайсың? - деп сұрайды күн күлімсіреп.

- Егер, - дейді жылқы, - сирақтарым бұдан да ұзындау және сидандау болса, мен, тіпті, алдына жан салмайтын жүйрік болар едім. Мойыным аққудың мойнындай ұзын болса, маған ол бұдан да сем корік бітірер еді. Тосім жалпақтау келсе, қазіргіден де алымдырақ болар едім. Онын устіне адамзатты аркалап журу үшін жотамнан менгі алынбайтын ер болса, тіпті, жарасып тұрар еді...

- Жақсы, қалағанын болсын, - дейді күн жайрандап, - сәл күте тұр.

Соны айтады да, күн жерге түйені түсіреді. Денесі алпамсадай, тұрқы арбиған жануарды көрген жылқы рі қорыққаннан, әрі жиіркенгеннен қалшылдап қоя береді.

- Міне, сен қалағандай ұзын да сидан аяқ, аққудың мойнындай ұзын мойын, жалпақ кеуде, ері де дайын. Қалай, сенің де осындай болғын келе ме? - деп сұрайды күн.

- Жоқ-жоқ ... - дейді тілі күрмеліп.

- Ендеше жөніңе жүр, - дейді күн жылқыға, - саған өз бойындағы да жетеді! Өркім өз қасиетін бағалауы тиіс.

Содан бері жер бетінде түйе де өніп-өсе бастайды. Ал жылқы болса, түйені көрген сайын әлі күнге дейін денесі дір ете түсіп, қалтырай бастайды екен» [5, 172 б.].

С.А. Қасқабасов рух-елік мифологияның мәселесіне арналған зерттеуінде африкалық байыры тайпалардың көне аңыздауларын талдап отырып, Күн бейнесінің



дүниетанымдағы стадиялық сатысы туралы мынадай пікір білдіреді: «Бұл мифте адамдарды кінәсі үшін анға айналдыратын күш – жасампаз қаһарман, дүниені жаратушы, әрі билеуші болып бейнеленеді. Бұл кейіпкер кейінгі замандар мифологиясында Күннің өзі емес, онын иесі, одан соң Құдайы болып өзгереді» [4, 312 б.].

Келесі бір топ мифтерде хайуандардың өмір-тіршілігі мен олардың қоректену ерекшелігіне этиологиялық түсінік беріледі, адаммен шендестіріледі.

Көне мифтер әдетте «ол кезде адамдар да аңдарша өмір сүрген» дәуірді елестетеді. Қазақ мифологиялық материалы да кейде ежелгі терімшілік дәуірінен хабар береді. Мысалы, адам неге ет қоректі, аңдар неге шөп қоректі болып жіктелгендігін айтатын миф бар. «Ертеде адамдар да малға ұқсап, шөп жейді екен дейді. Келе-келе адам баласының ақылы толысып, айлакерлікті үйренген соң, аңдарды қуалап, өрісін тартып ап, өздері ғана еленіп, мол шөп жинап, қор сақтайтын болған екен. Теперіш көріп, ашыққан аңдар жаратушыға арыз айтып барғанда Құдай оларға: «Ендеше сендер шөп жейтін болыңдар, адамдар сендерді жейтін болсын», - деп, үкім шығарады. Сонда қой алдымен мақұлдап, жаратқанның қолын иіскеген екен. Ал, ешкі қарсыласып, бақырып жіберген. Содан бері қойды бауыздағанда ол үнсіз жатады, ешкіні бауыздарда ол бақыратын болған. Қазақ қойдың басын қадірлеп асып, мұрнын алдымен кесіп жеп, ырым жасайтыны - ол Құдайдың қолын иіскегендіктен киелі. Сол кезде қасқыр: «Адам ет жейтін болса, мен не жеймін?» - деген. Құдай оған: «Сен мойыл же!» - деген. Қасекен: «мойыл жейін бе, мойын жейін бе?» - деп қайталап, жаңылған боп зыта берген. Қасқыр қоралы қойға шапқанда мойнынан ұстап, тамақтайтыны содан болған екен-міс» [6, 53 б.]. Міне, бұл мифте адамдардың шөп жеген дәуірінің елесі бар. Терімшіліктен аңшылық пен малшылыққа ауысу өзінше түсіндірілген. Адамдардың қор жинай бастауы меншіктің қалыптасуына ықпал еткендігі анық. Сол оқиғаның ізі де бар бұнда. Сондай-ақ баршылық.

Мифология – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы жинақтаған көркемдік таным дүниесі, онда адамның рухани ізденісі мен халықтың паналық-адамгершілік ұғымдары жатады. Ал оны әдеби мүддеге айналдырып бүгінгі күн шындығымен синтездеп, өңдеп, қорытылған тәжірибиесін көркем әдебиетте символдық образдарға айналдыруға болады. Миф – аңыздарды көркем шығармада пайдалану жаңа бір әдеби әдістердің өмірге келуін тездетуі де мүмкін. Мифтегі баяндалар сюжеттік мотивтерді көркемдік таным құрылымына айналыруда қаламгер архетиптік ұғымының белгілі бір принциптерін шығармашылықпен игеру арқылы әдеби жетістіктерге қол жеткізеді.

Қазақ халқы ғасырлар бой өзінің көшпелі өмір сүру салтына байланысты небір тамаша аңыздар мен мифтерді туғызды. Осы аңыздар мен мифтерде дүниенің құпия сырларын түсіндіретін жұмбақ заңдылықтары болатын. Бұл туралы ғалым М. Базарбаевтың: «Адам мен жер, табиғат оның орын тепкен мекені, жайы, осыған байланысты ұғым, тілі деген проблема көркем әдебиет үшін, яғни образбен ойлау өнері үшін ең алғаш материалдар болған» [7, 67 б.] - деген тұжырымы біздің жоғарыдағы ойымызды түйіндей түседі. Жазушылар көркем шығармасына аңыздық, мифтік сюжеттерді талғаусыз ала бермейді. Өз дәуірінің күрделі де ауқымды проблемаларын шешуде аңыздар мен мифтерде дәстүрлі өсиетшілдіктен еге философиялық бастаулар ашылғанда қаламгерлеріміз сол игілікті игеруге кірісті. Халық даналығын шеберлікпен игерішп, оны әлем жұртшылығына танытқан қаламгер Ш.Айтматовтың шығармашылығын ерекше атап өткіміз келеді.

Қырғыз әдебиетінің көрнекті өкілі жазушы Ш. Айтматовтың «Ақ кеме» повесі кезінде Одақ көлеміне ғана емес, сонымен қатар алыс шетел оқырмандарына да таныс болды. Ол тек көркемдік эстетикалық қана емес, сондай-ақ терең философиялық, моральдық негіздердің арналарына да жол салды. Осы повестегі бала көзімен баяндалар мифтер мен ертегілер тек қырғыз халқының басындағы трагедиялық халді ғана емес,



автор оны бүкіл адам баласының ортақ проблемасы етіп көрсете білді. Бұл повестегі баяндалған мифтер өзінің ұлттық ерекшелігімен де көзге түсті. "Бұғы ана" туралы миф қырғыз халқының ғана ұлттық ерекшелігін танытатын дүние. Ал бір халықтың басынан өткізген трагедияны жалпы адамзаттық деңгейге көтере білу шебер суреткердің ғана қолынан келетін іс.

Сол сияқты сексенінші жылдары жазылған С. Жүнісовтің «Заманай мен Аманай» повесі де қазақ әдебиетінде өзіндік жаңалығымен ерекшелентен шығарма. Повестің тақырыбы тағдыр айдауымен туған жерінен безіп, басқа елге өтіп кеткен бір тайпа қазақтың өмірі.

Олардың елге, қасиетті туған топыраққа деген сағынышы реалистік шындықпен суреттелінеді. Бас кейіпкер Балзия қартайған шағында немересі Аманайды ата мекенге жеткізуді, елімен табыстыруды өзіне мұрат етеді. Сол жолда көптеген қиындықтар көреді. Өзі де мерт болады. Бірақ немересі Аманай туған жерге аман-сау оралады.

Осы повесінде жазушы Сәукеле тау туралы аңызды шығармасына қосымша сюжет ретінде енгізеді. Сәукеле тау жат жер мен ата мекен арасындағы алып асу, шекара іспетті. Ол шетте жүрген қандастарымызға еді естеріне тусіріп туратын үміт шырағы секілді.

Әрине, шекарадан, күз-қиялы жолдан ету онай емес екені кімге де болса аян. Балзия оған мұқият дайындалады. Кішкентай немересін де дайындайды. Биік асудан өту тек тәннің қажыр қайратын ғана емес, рухтың күштілігін, жігердің мықтылығын да қажет етеді. Сәукеле тау аңызы кішкентай Аманайды арманға бастап, ерлікке жетелейді. Ұлы мақсатқа жетуге талпындырады. Аңыз кейіпкерлері Жәәй мен Ғиззат алып шынды қашап, мәңгі махаббат символы ретінде өлмес өнер туындысын жасауды мұрат етсе, туған елге деген сүйіспеншілік жүректерін кернеген Балзия мен Аманай теуекелі мол қиын асудан ата мекенге деген махаббатың күші арқылы етуге бекінеді.

Повестің сюжеті мен аңыздың сюжетінің айтар ойы, идеясы бір. Сүю онай, ал оның жеңіске жетуі, бақытты болуы әр қашан адал махаббатты, қажырлы еңбекті, ерлікті, табандылықты талап етеді.

Жазушы бұл аңызды шығармаға қажет болғандықтан ойдан шығардым дейді. Оның аңыз кейіпкерлерінің интернационалдық сипатынан да байқауымызға болады. Жәәй – қытай, Ғиззат - дүңген, Гүлсене – ұйғыр.

Повестегі негізгі оқиға мен аңыздың арасын алшақтатып тұрған уақыт қана. Әйтпесе, кейіпкерлердің мінездері мен мақсаттары өте ұқсас. Ми Лау ханның Гүлсәнәнің бұндарын байлап, өсірмей тәтәй етіп устауын сол кездегі қытай саясатынын аярлығымен, қатігез зымияндығымен салыстыруға болатын сияқты. Балзияның ұлы Заманай сол адамға тәжірибе жасаған қазымыр саясаттың құрбаны.

С. Жүнісов аңыздық сюжетті барынша ұтымды пайдаланып, оны адамзаттың асыл арманы махаббат пен туған жерге деген сүйіспеншілік идеясымен бірлестіре алуында жатыр. Аңыздың негізгі идеясы ұлттық ұғым-түсінігімізге, ұлттық менталитетімізге сай өте жақын. Жазушы қазақ халқының атамекенге деген зор махаббатын осы «Сәукеле тау» аңыз арқылы шебер суреттейді. Автор «Сәукеле тау» аңызында халық прозасының фольклорлық, мифологиялық элементтерін шеберлікен қиюластырып жіберген.

Мифтік шығармашылық кей кездері белгілі дережеде ұлттық сипатқа ие болады. Жазушы осы белгілі ұғымның төңірегінде қалып қоймай оны бүкіл адам баласына ортақ үлгі ретінде дамытады. Оны ұлттық шеңберден шығарып өзің гуманистік идеясына арқау етеді.

Бұл туралы Эквадор жазушысы Агилера Мальто: «ұлттық, дәстүр мен аңыз жасаушылық біріге отырып, көркемдік сананың ажырамас бөлігіне айналады. Мен Латын Американдық суреткер ретінде, миф біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналады деп ойлаймын. Бұл тек артта қалған халықтар өнеріне ғана емес, сонымен қатар алдыңғы қатарлы дамыған елдерге де тән. Біз ертеде пайда болған миф ықпалына түсіп қана



қоймай өз мифтерімізді де жасауға ұмтылудамыз» [8, 211 б.], - деп мифтің жаңаша жасалуы туралы тың пікір айтады. Ия миф, аңыз белгілі дәрежеде ұлттық кейпер бейнесін қалыптастыруда көркемдік қызмет атқарып қана қоймай, сонымен бірге шығарманың құрылымдық поэтикасын, жаңа формалық-мазмұндық қасиеттерін де байыта түседі. Бұған Т. Әлімқұловтың «Қара қобыз» әңгімесінің композициялық құрылымын жатқызуға болады. Сонымен қоса Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесін, С. Жүнісовтің «Заманай мен Аманай» повесін, М. Сақбаевтың «Ұят туралы аңыз» хикаясының сюжеттері аңыздық желіден бастау алатындығымен ерекшеленеді. Біздіңше талантты жазушы А. Сулейменов шығармашылығында да, аңызды көркем поэтикалық құрал ретінде пайдалану, мәтіннің, сөздің астарын терендетіп, оған символдық мән беруге тырысушылық айдан анық байқалып тұрады.

Әрине А. Сулейменовті батысшыл деп кінәлап отырған жоқпыз, керісінше ол батыс әдебиетінен үйренген озық ойларға ұлттық қасиетті дарыта білген талант иесі.

Қазіргі адамзаттың алдына мынандай үлкен ауқымды мәселелер қойыла бастады. Қалыпты сананың даму дәрежесі орасан зор дамудың биігіне көтеріліп отыр. Осыншалық дамудың жоғарғы кернеуіне жеткен адам баласы қарапайым істерді шешуде әлжуаздық танытуда. Бұның себептерін іздеген алдыңғы қатарлы озық идеялардың зерделі жемісін беруші зиялы қауым – жазушы. Осындай мәселелерді шешуде жазушылар дамудың шиыршық атқан «спиральды» түрін емес, өмірдің өзі көрсеткен «айналмалы» (циркуляциялық) дамуын негізге ала бастады. Олар шығармаларында адам сезімін оятатын лирикалық шегінен психологиялық талдауға, сана ағымына, концептуалды зерделеуге баса назар аударуда. Болашақ ұрпақтың эстетикалық пайымдауларының мөлдір, қадамдарының нық болуын бүгіннен бастау керектігін алдыңғы шепке шығарып, кезек күттірмейтін күрделі мәселе екендігі ашық айтыла бастады.

Қазіргі қазақ әңгіме-повестерінде аңыздың әлеуметтік астарын бүгінгі күн шындығымен көмкере суреттеген қаламгер Т. Ахтановтың шығармашылығын атап өткіміз келеді.

60 жылдары Т. Ахтановтың аңыздық желіге құрылған «Күй аңызы» хикаясы «Махаббат мұңы» атты жинағында жарыққа шықты. Бұл сол кезеңдегі тартыссыздыққа, боямашылдыққа, социалистік қоғамның қатып қалған догмалық идеясына, тұрпайы социологияға қарсы бағытталған шығарма еді. Фабриканың бірқалыпты бір түсті шығарып жатқан өнімдері қандай болса, әдебиеттегі көркем образдардың сүреңсіздікке, әсіресе мақтаушылыққа бой алдырғаны да құпия емес. Осындай көркем шығарманың тартыссыздық коллизиясына алғашқы батыл қалам сілтеген, оны аңыздың ақиқат шындығымен батыл түрде көркемдеп көрсеткен жазушы Т. Ахтановтың «Махаббат мұңы» повестер жинағы болатын. Ол тек қазақ кеңес әдебиетіндегі жарқын болып қана қоймай, кешегі көп ұлтты кеңес әдебиетіндегі жарқын жаңалық болып қабылданды. Ғалым М. Әуезов бұл шығарма туралы: «Әрбәр шыншыл шығарма солай еліктіреді» [9, 148 б.], - деуі тек Ахтанов қаламгерлігіне берілген батасы еді. Әрі бұл ұлы ұстаздың өзінің ерекше ілтипатымен берілген толымды бағасы да болатын.

Қазіргі қазақ әдебиетінде аңыз жасаушылық (мифтік шығармашылық) жекелеген қаламгерлердің шығармашылықтары арқылы еніп, прозамызда ерекше бір өзіндік өрнек, стильдік айшық түзеді. Негізінен еркіндік, бостандық туралы кеңестік дәуірдің қатаң бақылау тәртібі кезінде ашып айта алмаған суреткерлер өздерінің идеясын, ойларын символдық бейнелер арқылы суреттеп, аңыздың астарлы метафоралық әдістерімен жеткізді. Әрине, кең көлемді эпикалық жанрға қарағанда орта және шағын көлемді жанрларды миф-аңыздарды пайдалану әлдеқайда қиын. Шағын ғана әңгімеге сыналап таы бір қосалқы сюжетті енгіз қай суреткерден болмасын үлкен шеберлікті талап ететіндігі шындық. Сондықтан да қаза әдебиетінде 60-жылдарға дейінгі кезеңде повестер мен әңгімелерде миф-аңыздарды қолданған жазушылар сирек ұшырасады.



Халық ауыз әдебиетінің мол мұрасы жазушыларға дайын материалдық тақырыптар, желілі сюжеттер, бейнелі образдар ұсынумен бірге, көркем әдебиетті игеру, көркемдік жинақтау, образдылық мүсіндеу тәсілдерін де қоса көрсетіп берді. Қазіргі прозада аңыздық, мифтік сюжеттердің желісі, өрістеуі, дамуы шартты түрде алынғанмен, соның өзінде жазушылар адмгершілік, моральдық-этикалық проблемалар көтеріп, болашақ ұрпақтар тағдыры үшін тер төгеді. Символдау көптеген қазақ қаламгерлерінің негізгі әдеби тәсілі болып келеді. Шығарманың шындық болмысын танытуда символдық-бейне образдар астарға көбірек мойын ұсынады. Адамгершілік табиғатын ашуда фольклордың сюжетін еркін пайдаланады.

Мысалы, М. Мағауин «Ер Тарғын» әңгімесін Қазақтың батырлық жыры Ер Тарғынды қара сөзбен жазып шыққан. Әңгіменің баяндау тілі де жырдың поэтикалық үлгісінен аса алшақ кетпейді. Тарғынның ата-анаға, дос-жаранға деген мейірбандығы, қарапайымдылығын, сүйген жарға деген адалдығын шағын жанрды қара сөзбен баяндау мақсатының өзі қаламгердің көне аңыздық жырдың идеялық мәнін терең түсінгендігінен деп пайымдағанымыз жөн. Жазушының әңгімені «Ер арманы – халықтың қажетіне жарау. Ер мұраты – елінің мерейін асыру. Арман жолынан ауытқымай, мұратына ұмтылған ұрпақ қашан да мақсатына жетпек» [10, 264 б.]– деп аяқтауы жоғарыдағы ойымызды дәлелдей түссе керек.

М. Мағауин «Ер Тарғын» жырының сюжетін пайдаланғанда оған көп өзгерістер енгізбеген. Мүмкін жырдың тарихи негізден ауытқуын қаламағаннан болар.

Ал, белгілі қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың шығармаларынан аңыз сюжетін өңдеп, синтездеп жаңа өмірге сай құбылып пайдаланудың шеберлік қырларын аңғарамыз. Бұған қарағанда әр жазушы өз шығармасына арқау еткен миф-аңыздар үлгісіне әр түрлі талғаммен қарап, өзгеше эстетикалық, таным тұрғысынан бағалайды.

Алдымен, аңыздық проза үлгілері (миф, хикая, аңыз, эпсана-хикаят) жанрларының ерекшеліктеріне тоқталу, жұмыстың кейінгі тарауларындағы нақтылы көркем шығармаларды талдау барысындағы өзекті мәселелерді жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

Кейінгі жылдары есімдері ақталып, сөз өнеріне қайта оралған алаш ұранды әдебиет /Р.Нұрғали/ өкілдерінің шығармаларында да халық прозасының айшықты үлгілері молынан кездеседі. Қазіргі қазақ әңгіме-повестеріндегі шығармашылық ізденіске түскен аңыздық, мифтік желілер осындай қуатты, дәстүрлі әдебиеттен үлгі-өнеге алып, жаңа бір мазмұнда, соны бір формада көрініс таба бастады.

Батыс және Орыс әдебиетінде қазіргі прозадағы миф-аңыздардың рөлі, қызметі туралы осы кезеңге шейін көптеген еңбектер жарық көрді.

Ал қазақ әдебиетінде мифологизмнің прозадағы көркемдік қызметі біршама зерттелгенімен, оның көркем прозаға ену тарихы елі де болса терең зерттеле қойған жоқ. Олай дейтініміз мифологизм бізге шет ел әдебиетінен енген жаңалық деген ойдың осы уақытқа дейін үстем болып келуі. Әрине, қаламгерлеріміздің өзге ел әдебиетшілерінен үйренген тұстарының мол екенін жоққа шығармаймыз. Бірақ XIX ғасырда өмір сүрген Абай поэмаларында миф-аңыздарды арқау етіп, келелі де келісті шығармалар жазса, осы дәстүр жазушыларымыздың көбінде жалғасын тауып келеді деп сеніммен айта аламыз. Ш. Құдайбердіұлы, Ж. Аймауытов, М. Жумабаев, С. Сейфуллин т.б. шығармаларындағы аңыз бен шындықтың астаса көрінуі, бүгінгі зерттеушілерге үлкен ой салары сөзсіз.

Қазақ қаламгерлерінің қай-қайсысы да әңгіме жанрына соқпай өткені кемде-кем. Әңгіме жанрында аңыздық желілердің сюжеттерін, психологиялық дәлдікпен, философиялық ойдың тартымдылығымен көкжиегін кеңейткен жазушы – Тәкен Әлімқұлов. Құтты қонысы Қаратаудың теріскей баурайында туып өскен қаламгер, сол өмірдің ертегі, аңыз, мифтерін жастайынан жадына тоқып өскендігі шығармаларынан жиі көрініс тауып отырады. Қазақ әңгімелерінің сюжеттік өрбу көбіне аңыздық ертегілік



мотивтердің оқиғалы құрылымымен де байланысты. Фольклорлық элементтердің әңгіме жанрында қысқа да болса, тереңдікпен дамытылған ой астарының қазығын Т. Әлімқұлов шығармаларынан кездестіреміз. Т. Әлімқұлов әңгімелері мен повестері негізінен аңыздық сарында жеткен өнер иелерінің құдіретті киелілік қасиеттерімен өріліп жатуында. Қазақ халқының рухани байлығының мол арналарының біріне күй аңыздар тобы жатады. Әрбір күйдің өзіндік шығу тарихы бар. Және соған орай айтылатын ауызекі аңыздың тарихи әңгімелері болады. Жазушының да көптеп қарымды қалам сілтеген тақырыптарының бірі – осы күй аңыздарына байланысты туған туындылары.

Жазушылардың шығармашылық материалды сараптауы жөнінде профессор Ж. Дәдебаев былай дейді: «Өмірде жоқ материалды ешкім іздеп таба алмайды, өмірде жоқ, болмаған материал шығарманың көркемдік болмыс-бітіміне ешқашан ықпал ете алмайды» [11, 202 б.]. Сондықтан да Т. Әлімқұлов шығармаларындағы аңыздық, мифтік сарындар түпкі арналарын халықтың есіне аңыз боп тараған күйге, күйшіге, әншіге байланысты айтылған ауызекі әңгімелерімен сабақтасып жатады. Оның үстіне қазақ күйшілерінің тудырған шығармаларының нақты тарихы жазба түрде сақталмағандықтан әрбір күйдің өмірге келуі, оның пайда болуына әсер еткен құбылыстардың өзі ауыздан-ауызға тарай отырып, аңызға айналып отырған. Ал музыкалық аспапты терең меңгеріп, сол арқылы өзінің, елдің, жердің т.б. сырын адам санасына жеткізуге қабілетті талант иелерін қарапайым жұрт ерекше қасиет иесі, әулие ретінде бағалаған. Яғни ондай адамдардың іс-әрекеті, қылықтарының өзі аңызға айналуға дайын сожеттер. Осындай аңыздық сарынның желісімен жазылған – «Қара қобыз», «Телкопыр», «Қараой», «Жиен», «Сейтек сарыны» және тағы басқа әңгіме-повестер бар. Жазушының бұдан да басқа көптеген шығармалары аңыздың негізгі желілерін сақтап жазылған. Біздің негізгі мақсатымыз осы аңыздық, мифтік негізі бар әңгімелердің бүгінгі күнгі өмір шындығының өзекті мәселесін тербетер көркемдік қызметін қарастыру.

Автор күй, күйші туралы жазғанда сол өңірдің тарихи-әлеуметтік сипаттарын толық қамтып отырады. Т. Әлімқұлов күй тілін, күйшінің өмір сүрген ортасын, оның айнала тіршілік әлеммен байланысқа түскен жаратылысын бірлікте алып суреттейді. Өзінің шығармашылық жолын сөз өнерінде ақындықтан бастаған қаламгер проза жанрында да өнімді, шабытты еңбек етті. Жазушы проза жанрына кеш келгенімен де «Ақбоз ат», «Ел мен жер» атты романдар, бірнеше повестер және көптеген әдемі әңгімелер берді. Жазушының «Қара қобыз» әңгімесі есімі ел есіне аңыз боп жайылған Қаратау, Сарысу, Арка бойларына кең тараған қыл қобыздан күй төккен Ықылас өмірінің бір эпизодтық оқиғасынан құралады. Әңгіменің негізгі жүгін аңыздық желілер көтеріп тұр.

Жазушы ел ішіне кең тараған аңыздың толық сюжетін алмайды. Өзінің идеясына жакын, ойына дөп келген аңыздың қажетті детальдарын ғана пайдаланады. Бүгінгі күнгі өмірімізде әлі де өзектілік маңызын жоя қоймаған адамдардың бір-біріне деген адами қасиеттерін, адамгершілік аспектілерімен қабыстыра суреттеп, кеңінен толғайды.

«Қара қобыз» әңгімесінің негізгі идеясы ұлттық дәстүрге, ұлттық рухани мінез-құлыққа, ұлттық тәрбиеге, әсіресе, әке мен бала арасындағы жазылмаған түйсікті психологиялық, жайларға ерекше назар аудартады. Жазушы аңыздық сюжеттің ансарынан үлкен қажетті проблемалық мәселелерді адамгершілік тұрғыдан әсерлі етіп жеткізе білген. Қысқа ғана әңгімеде екі әкенің басындағы трагедиялық ауыр халді терең лирикалық толғаныспен суреттейді. Адам баласының жан сарайындағы нәзік сезім ирімдерін, асқақ арманын аң ұрғызып, күрсіндіре отырып күй тілімен аңыздың ақиқат болмысын шебер жеткізеді. Қара қобыз қам көңіл қаралы әкенің қайғысын жеңілдетуге себепші құдірет құралы болады. Іштегі аршылмай жатқан әкенің арман-мұңын астарлы оймен, ащы күй тілімен жеткізе білген. «Қара қобыз» әңгімесінде мифтік мотивтер, аңыздық, сарындар мәтіннің ішіне жымдаса кірігіп кеткен. Әңгімеде миф жанрының



элементтері жиі көрініс тапқан. Автор Ықыластың көз алдына Келіншектауды елестеді: «Басынан сәукелесі түспеген кербез келіншек бейнесінде күндік жерден көз тартатын тау тарау-тарау бұлақтың сылдырымен қобызшының қашаған қиялын әлдилейді. Ежелгі Қаратаудың еркетотайындай көш бастап келе жатып тас боп қатып қалған кербез келіншек ертегі-аңыздың бесігін тербетіп тұрғандай болды» [12, 15 б.], - деп келетін сюжетте миф жанрының сөз құдіретіне (магияға) сену қасиетін орынды пайдаланған. Автор өзі де тас боп қатып қалған кербез келіншекті ертегі-аңыз ретінде алып отыр. Өйткені ертегідегі қиял-ғажайыптық, сөз құдіретіне сенушілік миф жанрын танытатын құбылушылықтың қасиетіне байланысты. Қаратаудың «Келіншектауы» мифтік санаға тән сөздің магиялық құдіретіне сену дәуірінде дүниеге келген аңыз-ертегі. Кейіннен қазақ халқының ұғым-түсінігіне байланысты біраз өзгерістерге түскен. Мұнда жазушы негізінен аңызды Ықыластың туған жерге деген перзенттік риясыз махаббатын беру үшін қолданған. Келіншектау мифі арқылы автор Ықыластың терең психологиялық толғаныстарын тебіренге отырып суреттейді.

Келіншектауға байланысты айтылатын осы сюжет жазушы Д. Досжановтың «Келіншектаудағы тас түйелер» атты әңгімесінде мифтік құбылушылықтың қасиетін толығынан сақтап көрініс тапқан. Мұнда таудың не себептен тас боп қатып қалғанын, этиологиялық себеп-салдарын жазушы түсіндіріп өтеді. Ол әңгімеде былай беріледі: «Әкем сараңдық жасапты, итая, ымды күмістен соқтырмапты», - деп күйеу жігітті ауылына қайыра шаптырыпты дейді. Күміс итаяққа жұмсаған көрінеді. Бар дәулетін сыпырып арттырып жіберген ақылды әке әлгі сөзді естіп қатты налыпты. «Қызым тас жүрек екенсің, тас бол», - деп теріс батасын беріпті. Ол кезде қарғыстың дөп даритын кезі: әлгі шөгіп жатқан түйелер, бұйда тартқан қалыңдық солайымен тұрған-тұрған жерінде тасқа айналып қалыпты» [13, 67 б.] деп айтылады. Мұнда жазушының суреттеуінде миф жанрының бір түрден екінші бір жансыз нәрсеге айналу процесі бейнеленген.

Осылайша қазақ мифінің де көне наным-сенімге байланысты туған себеп-салдарын, адамдардың жанды (жансыз) нәрсеге айналдыра алатын сөз құдыретіне сену дәуіріне пайда болғандығын көрсетеді. «Қара қобыз» әңгімесінде жазушы Т. Әлімқұлов Келіншектаудың пайда болу себеп салдарына ден қоймайды. Автор аңыз-миф арқылы Ықыластың сол сәттегі көңіл-күйін, туған жер туралы сағыныш сезімін бейнелейді. Әңгіме жанры көп шұбалаңқы, көп сөзділікті қаламайды. Т. Әлімқұлов шеберлігі де сонда, аз сөзбен көп ойды сыйғызып, үлкен философиялық түйін түйгізіп отырады.

Тәуелсіздік жылдарында қазақ прозасында мифтік сарында жазған өзіндік қолтаңбасы бар, көрнекті жазушы Асқар Алтайды айта аламыз. Асқар Алтайдың «Алтай балладасының» жанры роман-миф, «Кентавр» әңгімесі – өзіндік орны мен маңызы бар шығарма екені белгілі. Жалпы кентавр сөзінің мағынасына тоқталсақ, бұл – көне грек мифтеріндегі адам мен жылқы біріге біткен бейнедегі жинақтық образ. Ұғым атауының аудармасы «бұқа өлтіруші» деген мәнге саяды: образ көне гректер өркениетті ел бола тұра, отырықшы ел, жаяу жүретін, әлі жылқыны қолға үйретпеген шақтарында салт атты көшпенділерді (сақ, скиф т.б.) көргеннен соңғы таңғалыс әсерінен туындаған дегенді оқырман қауымның білетіні рас. Осымен байланысты мифтердегі кентавр дүлей күш пен жабайы түйсіктің иелері ретінде суреттеліп, біразы мифтік қаһармандардың жаулары ретінде көрінсе (Несс, Анкий, Агрий, Хомад т.б.), тағы бір бөлігі оларға ұстаздық етеді (Хирон, Фол т.б.). Кейін келе, бертінгі мифтерде жағымсыз бейнедегі кентаврлар мүлдем жоғалып, дана, сабырлы кейіптегі жағымды бейнелілері ғана іріктелді. Кентавр сөзінің шығу төркіні жайлы тағы бір көзқарас – арийлік үнді-еуропалық түп негізге сүйеніп, көне үнді мифтеріндегі, жалпы индуизмдегі жартылай құдай кейіпкерлер – гандархвалармен де байланыстырылады.



Аталмыш шығармадағы образ-кейіпкер бұл мәтінге претекст қызметін атқарған көне грек мифологиясындағы Хирон және Фол туралы мифтермен сабақтас. Бұндағы Хирон – кентаврлардың ең ақылдысы, мифтік қаһармандарға да ілім-білім үйретуші, ақыл қосушы данышпан ұстаз. Данышпан, әрі ұстаз кентавр бейнесі Дж.Апдайктың мәтінінде де (прототекст) көрініс тапқан. Ал енді, дүнияуи, заманауи, жалпы адамдар сан жылдар бойы жинақтаған білімнен ада, тек таза табиғат-анадан алған, туғанынан-ақ табиғаттан дарыған іліммен шектелген, сол білгені жеткілікті болған, Асқар Алтайдың Басарыс атты образ-кейіпкері да мифологиямен осы тұста да астасқан секілді. «Аңыздың мақсаты – бір фактіні, тарихи оқиғаны хабарлап, ол туралы тыңдаушыға мәлімет беру. Демек, аңыздық қызметі (функциясы) – танымдық, мағұлматтық. Ал, әпсана-хикаяттың мақсаты – баяғыда болған, немесе болды деген керемет оқиғаны, іс-әрекеті, немесе жағыдайды көркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру. Мұнда бас кейіпкерлер дәріптеле суреттеледі», - деген С. Қасқабасовтың пікірі ауыз әдебиетіндегі мифтерге қатысты екендігін көреміз. Қазіргі заманауи мәтіндерде мифтің ғибратық мәні толық көрсетілмейді.

Асқар Алтайдың кентавр Басарыс образына өзінің алдындағы мәтіндерден қажеттісі бойына сіңіп, жинақталды: көне грек мифіндегі Хирон кентаврдің данышпандығын, тағы сол мифологиядағы Пан құдайдың табиғатқа жанашырлығын, жебеушілігін, американдық жазушы Дж.Апдайктың адам қауымдастығында, әлеуметтік қоғамда орнын таппаған даралығын, жалғыздығын жиды, Пан құдай секілді табиғатқа қорғаушы болып, Хирон секілді жақының қолынан ажал құшты. Автор аталмыш кейіпкерін образ-архетип деңгейіне көтерді. Мифологияны зерттеген ғалымдардың бірі А.Ф.Лосев біздің айтпағымыз жайында былай дейді: «Антикалық ойдың соңғы нәтижесі ретінде, миф бұрынғыдай аллегория болмай, символға, субстанциональді ұғынылатын символға айналды, яғни өзінің әуелгі бағзы мағынасына ие болды» [14, 468 б.].

XX ғасырдың кезегінің «Поющие камни» романы Жақсылықовтың шығармашылығы тарихи ілім идеясынан «кетеді», «Болжамның материалдық-жеке» жоспарларының шеңберінен шығып, адам бейсаналық саласындағы мәңгілік принциптердің бар екенін дәлелдеуге тырысады.

Романның бас кейіпкері – беделді университет оқытушысы және ақын, тамаша интеллектуалды Жан. Ол әдемі Айнұрмен үйленген және бизнестегі Арман сияқты досы бар. Ол тар ғылыми орталарда бағаланады, бірақ қаланың тынысы, бәсекелестігі және екіжүзділігі оның өмірін азайтады. Әйелі жақын досымен опасыздық жасағаннан кейін, Жан әлеуметтік иерархияның ең төменгі жағында – ол қатты қытырлақ және арзан шарапқа ежелгі қытайлыққа қызмет ететін вагамбонға айналады. Романның финалында (ол да оның бастамасы), жансыздандырылған Жан ауруханада «өзін тапты».

Әйелі Айнұр үшін бұл жағдай кері қайтарылмайтын әлеуметтік құлдыраудың белгісі; Жан өзі үшін – бақытты азаттық кезеңі бірдей оқиға бір-біріне ұқсас бір мәдениет пен бір әлеуметтік топтың өкілдері Айнұр және Жанмен бағаланады.

Романнан кейіпкер мен оның анасы арасындағы қашықтықты, тығыз, сенімді қарым-қатынастардың жоқтығын көрсетеді. Бұл сюжеттік деңгейде расталады: анасы баласына суық, жиі оны ұрады, оның мазасыздық көріністеріне жауап бермейді.

Мәтінді мифопоэтикалық түсіндіру тұрғысынан анасының қамқорлығы кездейсоқ емес. Ол әйелдің символизмімен байланысты сценарийді уақытша, хаотикалық, ақырғы ретінде қарастырады. Осылайша, Жанның әйелі де өзімен бірге өзінің ең жақсы досына барады.

Баланың әкесі, ақсақал, ұлын өте жақсы көреді және баласы сынған басымен ауруханада болғанда қайғыдан өледі.

Бұл бейнені түсінудегі маңызды қадам көке өлімінің түсіндірмесі болып табылады. «Әкесі» сөзінің мағынасы тотем-өліммен тығыз байланысты: тектік қоғамда, тотем



бәрінің қайтыс болған әкесі, ата-бабасы, ал перинатальдық қоғамда, әкесі – діни қызметкер, қайтыс болған құдай өлігін өлтіретін және өлтіретін тотем-көшбасшы. Өлі тотем – бұл құдай» [15]. Жақсылықов әкені (көкені) метафизикалық кеңістікте нақты примус құруға, өлімге (бастамаға) және жаңа өмірге арналған этногенетикалық мифтің матасын қалпына келтірудің нақты бейнесін «аударды».

Хаотиканың басы ретінде анасынан айырмашылығы, әкесі Пастушка/Жан үйлесіміне, ғарышты байланыстыруға арналған.

Әкесі мен анасынан айырылып, кішкентай пастушка/Жан жетім, яғни мифопоэтикалық тұрғыдан тамырларын жоғалтқан адамға айналады. Ол әлі күнге дейін қалыптасқан әлемнің «бос» екеніне көз жеткізеді.

Мұнда қазақ тіліндегі «Жан» дегенді білдіреді; Бұл сюжеттің екі деңгейі туралы – адамның өмірінде және «ішкі» адамда (Е. Эткинд) өмір туралы айтуға мүмкіндік береді.

Қазақ халқының дүниетанымы жан-жақты болып табылады, адам өмірінің барлық қырлары оған енеді. Әлемнің өзі секілді, Жан өзінің нұсқасының үш деңгейіне ие: адамда физикалық (ет-жан) ретінде ұсынылған материал; ғарыш әлемімен, халықтың, ата-бабалардың (рух-жан) еске түсіретін рухани байланысы; материалдық және рухани, шыбыл-жан арасындағы байланыс.

Романның мәтіні қазақстандық прозалық полистенттік сәулетшілер үшін бірегей. Ол шеңберлерде «бөлініп кететін» сияқты көрінеді, ал кейінгі әрбір шеңбер – алдыңғы біреудің индуктивтік «құлдырауы». Мұндай шеңберлік ұйым ұлттық музыка жанрына тән – күй болып табылады.

Күйдің әртүрлі формаларда – рондо принципіне сәйкес ұйымдастырылған көпқырлы конструкцияларға дейін көрінетін аралас метрикамен ерекшеленеді. Ең күрделі түрлерінде, күй – бір-бірінен әртүрлі эпизодтармен айналысатын негізгі тақырыптың қайталанған (кемінде 3) «шеңбер» айналымы. Осы қағида бойынша «Поющие камни» романы жазылған. Қазірдің өзінде оны іске асырудың өзі ұлттық ойлау түрін жинақтайды – тұтас, жалпылама, ойшыл.

«Далада Құдайдың табиғаты айқын болды, барлық жерде шеңбер бар, ғарыштың шексіздігі бұл құдайдың сапасы болды. Бүкіл жер көшпендіден қыстауға дейін (қысқы жер), қыстаудан көктемге дейін (көктемгі) және көктемнен бастап жеті жүз шақырымға созылған шеңберге дейін жетеді, қайтадан түрмеге жабылды. Дөңгелек қозғалыстың заңдары қазақстандық көшпенділерге әлем туралы алғашқы ойлар берді» [16, 106 б.].

Романның композициялық «шешімі» - бұл күйдің семантикалық іске асуы. Бұл түпнұсқалық жанр ерекше үш бөліктен тұрады. Төменнен бастап әнін бастаған Жоқтау (эстрадалық естеліктерімен) ақын (әнші-импровизатор) финалда дыбыс шығарып, шеңберді жабу тақырыбын дамытады.

«Қазақтар үшін әр музыкалық тақырып шеңбері формуласымен аяқталуы керек еді: қазақтардың идеясына сәйкес үйлесімділік пен бейбітшілік, эмоционалдық тепе-теңдік сезімін тудыратын бұл композиция болды» [16, 112 б.].

«Поющие камни» романы «дүниенің соңы туралы» жоқтаумен басталады: жоғалтудың біртіндеп кеңею көрінісі кейіпкердің өміріндегі қайғылы оқиғалардың тізбегінде жүзеге асырылады: Семей сынақ полигонындағы сынақтармен уландырылған ауылда балалық шақ; жас сіңлісінің өлімі; тұрақты аурулар; қорқыныш; қала тұрғынына бейімделу қажеттілігі; әйелді опасыздық жасаған және досының опасыздық жасаған; құлдық; аурухана.

Жас жетілген адам қалаға көшеді, университетке барады, ғалым болады, тіпті поэзия жазуға тырысады.

Романда «сөйлейтін есімдер» кездесуі кездейсоқ емес. Осылайша, Айнұр («ай жарық») қараңғылықтың жоспары, хаосқа оралу үшін себеп; Арманның («арман»,



«елесі») герменевтикалық ынталандыру болып табылады, Жанның қазіргі өмірінің иллюзорлық сипатына, шындықты табу қажеттілігіне нұсқайды.

Жақсылықов бұл мифологиялық сценарийді бірте-бірте іске асырады: Жан табиғатта, шөл далада, табиғатта кездеседі, кездесетін адамдардан аулақ болады, «бейсаналық» мемлекетке түседі, армандайды, армандаймын деп санайды, тәжірибе жинақтайды. Бұл жағдайда біз кейіпкердің шынайы бақсы, доктор, дүниетаным мен әлем арасындағы делдал болуын білдірмейміз, өйткені ол өзі адамның имиджінің нысаны емес, адамның жаны символы ретінде.

Әңгіме, ең алдымен, рухани өмірдің метафизикасына әсер еткендіктен, бақсы психикасының құрылымы, Анимустың бейнесі жеке түрлендіруді ынталандыру болып табылады. Демек, мәдени мифтің арқасында кейіпкердің жеке тұтастығы мен символдың түпнұсқалы тұтастығы қалпына келтірілуі керек.

Мәтіннің бұл түріне қатысты мифтің басталуы, аяқталуының кейіпкердің биологиялық өлімімен байланысты емес деп санауға болады. «Өлім (және оның баламалары: кейіпкердің жаңа «құбылысы», кейіннен жұмбақ орын туралы керемет арман – рок, үңгір, ояну мен қайтару арқылы аяқталатын және т.б.), тарихтың ортасында оған тәж орналасқан [17, 230 б.].

Қорытынды

Атап көрсетелік бір мәселе прозалық туындыларда миф-аңыздар көркемдік қызмет атқарып қана қоймай, шығармашылықтың шындық деңгейіне дейін көтерілді. Әсіресе, адам баласының бойындағы адамгершілік, азаматтық, адамшылық қасиеттерін танытудағы көркемдік рөлі ерекше жандана түсті. Халық өмірінің айнасы, қайнар көзі болып саналған аңыздар мен мифтер бүгінгі күнде де өз маңызын жоя қойған жоқ. Миф-аңыздарды өз шығармаларында ұтымды пайдаланып жүрген жазушылар адам жанының терең иірімдерін танытуда сол адамзат баласы өткен тарихи дәстүрді негізге алады, оның кешегісі мен бүгінгісін қатар қойып, салыстыра суреттейді. Сондықтан да қазақ халқының миф-аңыздары орта және шағын көлемді жанрларда толық көркемдік қуатымен ерекшеленіп, айқын идеялық мақсатымен айналысқа түсе бастады. Болашақта да табиғат құбылыстарын, адам тағдырын суреттеуде жаңа түрлік формаларға еніп, қолданысқа түсе береді деуге негіз бар.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – А.: Дайк-пресс. 2004.
- [2] Jones, R. H., Chik, A., & Hafner, C. A. Discourse and digital practices: Doing discourse analysis in the digital era. Routledge. 2015.
- [3] Yergaliyeva S; Yergaliyev K; Sarybayeva B; Melnik N; Uaikhanova M; Assanbayeva E. Exploring the New Role of Mythologems in Shaping National Identity and Digital Discourse in Kazakhstani Communications Volume 12, 3 (Themed Issue on Culture & Communication), November 2024, Pages 224-240. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2024.2043142.3740>.
- [4] Қасқабасов С. – Астана: Фолиант, Т1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – 2014.
- [5] Жанайдаров О. Қазақ жерінің 100 аңызы – Алматы; «Сораба» қоғамдық қоры. 2013.
- [6] Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. Қазақстан балалар энциклопедиясы. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2006.
- [7] Базарбаев М. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы: Қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық жайында / М. Базарбаев. – Алматы: Жазушы, 1973.
- [8] Агилера Мальта, Д. Основываясь на латиноамериканском опыте / Д. Агилера Мальта // Вопросы литературы. – 1978.



- [9] Әуезов М. *Уақыт және әдебиет*. Құрастырушы: Ысқақ Дүйсенбаев. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962.
- [10] Мағауин М. Екі томдық таңдамалы шығармалар [Мәтін] / – Алматы: Жазушы, 1990. –
- [11] Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991.
- [12] Әлімқұлов, Т. *Туған ауыл* [Мәтін]: әңгімелер мен новеллалар / Т. Әлімқұлов. – Алматы: Жазушы, 1968.
- [13] Досжанов Д. *Келіншектаудағы тас түйелер*, Алматы: «Жалын», 1979.
- [14] Лосев А. Философия. Мифология. Культура. – Москва: Издательство политической литературы, 1991.
- [15] Наурызбаева З. Казахская культура, мифология и музыка // Current contents, <http://otuken.kz/index.php/mythzira/49-2010-06-20-07-04-43>, 2010.
- [16] Каракозова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры // Евразия, вып.2, 2001.
- [17] Лотман Ю.М. Избр. Статьи: в 3 Т. – Таллинн: Александра, 1992.

REFERENCES

- [1] Qondybai S. Argyqazaq mifologiasy. – A.: Daik-pres. 2004. [Kondybay S. (2004). Argykazak mythology. – A.: Dyke-press].
- [2] Jones, R. H., Chik, A., & Hafner, C. A. (2015). Discourse and digital practices: Doing discourse analysis in the digital era. Routledge.
- [3] Yergaliyeva S; Yergaliyev K; Sarybayeva B; Melnik N; Uaikhanova M; Assanbayeva E. (2024). Exploring the New Role of Mythologems in Shaping National Identity and Digital Discourse in Kazakhstani Communications Volume 12, 3 (Themed Issue on Culture & Communication) , November.
- [4] Kaskabasov S. - Astana: Foliant, T1. Qazaqtyn halyq prozasy. Zertteyler. – 2014. [Kaskabasov S. (2014). Kazakh folk prose. T1. Studies. – Astana: Foliant].
- [5] Zhanaidarov O. Qazaq jerinin 100 anyzy – Almaty; "Soraba" qogamdyq qory. 2013. [Zhanaydarov O. 100 Legends of the Kazakh Land – Almaty; "Soraba" Public Foundation. 2013].
- [6] Zhanaidarov O. Ejelgi Qazaqstan mifiteri. Qazaqstan balalary ensiklopediasy. - Almaty: "Aruna" baspasy, 2006. [Zhanaidarov O. (2006). Myths of ancient Kazakhstan. Children's encyclopedia of Kazakhstan. – Almaty: "Aruna" publishing house].
- [7] Bazarbaev M. Olen sozinin patshasy, soz sarasy: Qazaq poeziasyndagy dastur men janashyldyq jaiynda / M.Bazarbaev. - Almaty: Jazushylar, 1973. [Bazarbayev M. (1973). The king of words, the palace of words: about tradition and innovation in Kazakh poetry / M. Bazarbayev. – Almaty: Writer].
- [8] Agilera Malta, D. Osnovyvayas' na latinoamerikanskom opyte / D. Agilera Malta // Voprosy literatury. – 1978. [Aguilera Malta, D. (1978). Based on Latin American experience / D. Aguilera Malta // Literature Issues].
- [9] Auezov M. Uakyt zhane adebiet.Kurastyrushy: Yskak Duysenbayev. Almaty: Kazaktyn memlekettik korkem adebiyet baspasy, 1962. [Auezov M. Time and Literature. Compiled by: Iskak Duysenbayev. (1962). — Almaty: Kazakh State Publishing House of Fiction].
- [10] Magauin M. Eki tomdyk tandamaly shygarmalar [Matin] / – Almaty: Zhazushi, 1990. [Magauin M. (1990). Two-volume Selected Works [Text] / - Almaty: Writer].
- [11] Dadebaev Zh. Omir shyndy zhane korkemdik sheshim.– Almaty: Gylym, 1991. [Dadebayev Zh. (1991). The truth of life and artistic solutions. – Almaty: Nauka].



[12] Alimkulov, T. Tugan auy [Matin] : agimeler men novellalar / T Alim Kulov.– Almaty : Zhazushi, 1968. [Alimkulov, T. Native village [Text]: stories and short stories / T. Alimkulov. (1968). – Almaty: Yazuzu].

[13] Doszhanov D. Kelinshektadagi tas tuyeler, Almaty: "Zhalyn", 1979. [Doszhanov D. (1979). Stone camels in Kelinketau, Almaty: "Zhalyn"].

[14] Losev A. Filosofiya. Mifologiya. Kultura. – Moskva: Izdatel'stvo politicheskoy literatury, 1991. [Losev A. (1991). Philosophy. Mythology. Culture. – Moscow: Publishing House of Political Literature].

[15] Nauryzbaeva Z. Qazaq madenieti, mifologiasy jane muzykasy // Current contents, <http://otuken.kz/index.php/mythzira/49-2010-06-20-07-04-43>, 2010. [Nauryzbaeva Z. (2010). Kazakh culture, mythology and music//Current contents, <http://otuken.kz/index.php/mythzira/49-2010-06-20-07-04-43>].

[16] Karakozova J.K., Hasanov M. Sh. Qazaq madenietinin garyshy // Eurazia, t.2, 2001. [Karakozova Zh.K., Khasanov M.Sh. (2001). The Cosmos of Kazakh Culture // Eurasia, issue 2].

[17] Lotman Yu.M. Izbr. Stat'i: v 3 T. – Tallinn: Aleksandra, 1992. [Lotman Yu.M. (1992). Selected Articles: in 3 Volumes. – Tallinn: Alexandra].

Султангалиева Р.Б., Метенова З.Р.

ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЭТИОЛОГИЧЕСКИХ МИФОВ В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ ПЕРИОДА НЕЗАВИСИМОСТИ

Аннотация. В статье речь идет о передаче этиологических мифов, встречающихся в казахской прозе в годы независимости. В ней даны особенности письма и этиологические мифы писателей того времени. Природа и жизнь являются источником человеческого воображения. Обычно любой миф основан на историческом опыте, каком-то человеческом опыте. Особенно в мифах реальные исторические события прошлого перечислены как перлы и рассказаны последовательно. По этой причине мифология станет инструментом, с которым не сможет сравниться ни одно другое искусство в изучении истории отдельных народов. Мифы отражают реальную жизнь народа и взаимоотношения между людьми.

Ключевые слова: миф; мифология; этиология; интерпретация; фольклор; проза; легенда; миф; рассказ; сюжет.

Sultangalieva R.B., Metenova Z.R.

INTERPRETATION OF ETIOLOGICAL MYTHS IN KAZAKH PROSE OF THE INDEPENDENCE PERIOD

Abstract. The article is about the transmission of etiological myths found in Kazakh prose during the years of independence. It provides the features of writing and etiological myths of writers of that time. Nature and life are the source of human imagination. Usually, any myth is based on historical experience, some human experience. Especially in myths, real historical events of the past are listed as pearls and told sequentially. For this reason, mythology will become a tool that no other art can compare with in studying the history of individual peoples. Myths reflect the real life of a people and the relationships between people.

Key words: myth; mythology; etiology; interpretation; folklore; prose; legend; myth; story; plot.